

Қ.Қ. Мәдібаева¹, Н.Ж. Магазбеков², Д. Мүлік³^{1,2}М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.³І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан.E-mail: ¹kapi-51@mail.ru, ²nur_magazbekov@mail.ru, ³m.dauletkerey@bk.ruORCID: ¹0000-0002-2396-1467, ²0000-0003-2601-9714, ³0000-0002-8356-0614**АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫН ХАТҚА ТҮСІРУ:
СӘДУАҚАС ШОРМАНОВ ҚОЛЖАЗБАСЫ**

Аңдатпа. Абай шығармаларының қолжазба нұсқалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу абайтануда арнайы ғылыми бағыт түзген сала десек те, бұл мәнде түбегейлі бірізді мәтіннамалық негізде әлде де мақсатты жұмыстар күн тәртібінде тұр. Абай өлеңдері Мұхтар Әуезов деректері бойынша 1896 жылдан бастап арнайы көшіріліп, жиналған. Сонымен бірге бірқатар ақын өлеңдері 1897 жылдың өзінде арнайы басылымдарда басып шығару үшін Орыс Географиялық қоғамына жеткізілді. Осы шаруаға Абай елімен араласып тұрған, өз уақытының ілгерішіл адамының бірі Сәдуақас Шорманов қолжазбасының қаншалықты қатыстылығы әлі де беймәлім. Сәдуақас Шормановтың Абайдың 17 өлеңі көшіріліп жазылған қолжазба жинағының қысқаша дерегі бар және оның сипаттамасы жасалған. Абайдың 2020 жылы жарық көрген үш томдық толық академиялық басылымында (1-том) жекелеген өлеңдер Шорманов қолжазбасымен салыстырылып, мәтіндік айырмашылықтары көрсетіліп берілді. Осы бағытта Сәдуақас Шорманов қолжазбасындағы мәтіндік нұсқаны Абай мұрасының басқа көшірмелері, баспа жүзін көрген жинақтардағы мәтінмен арнайы салыстыра отырып тұтас текстологиялық зерттеуге тарту қажеттілігі бар. Не дегенде де, Шорманов нұсқасы – Абай өлеңдерінің хатқа түскен, осы күнге сақталып жеткен алғашқы дерегі. Бұл қолжазбаның Абай шығармаларының түпнұсқа мәнді көшірмелері саналып отырған Мүрсейіт Бікіұлының 1905 (1906), 1907, 1910 жылдардағы қолжазба жинақтарынан ілгергі уақытта хатқа түскендігі оған белгілі бір деңгейде түпнұсқалық мәртебе беретіндігі тұрғысында арнайы мәтіндік сараптама жасау өзекті.

Алғыс: Мақала R202 81009 «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті мәселелері» іргелі ғылыми зерттеу жобасы аясында «Абайтану тарихы» бойынша дайындалды.

Кілт сөздер: абайтану, қолжазба, текстология, мәтін, салыстырмалы саралау, түпнұсқалық мәртебе.

Қ.Қ. Мәдибаева¹, Н.Ж. Магазбеков², Д. Мүлік³^{1,2}Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.³Жетысуский университет имени И. Жансүгірова, Талдықорған, Казахстан.E-mail: ¹kapi-51@mail.ru, ²nur_magazbekov@mail.ru, ³m.dauletkerey@bk.ruORCID: ¹0000-0002-2396-1467, ²0000-0003-2601-9714, ³0000-0002-8356-0614**Запись литературного наследия Абая: рукопись Садуакаса Шорманова**

Аннотация. Одним из актуальных исследовательских направлений современного абаеведения является изучение рукописных источников. Изучение рукописных источников было и остается злободневным вопросом абаеведения. По данным Мухтара Ауэзова произведения Абая начиная с 1896 года были переписаны специально в виде рукописных сборников. Следовательно, уже 1897 году некоторые стихотворения были переданы в Русское Географическое Общество с целью печатания в специальных изданиях. До сих пор неизвестно, какое отношение к этому делу имеет рукопись Садуакаса Шорманова, одного из передовых людей своего времени, имевшего отношение к земле Абая. Копируется

и кратко описывается рукописный сборник Садуакаса Шорманова из 17 стихотворений Абая. В полном академическом издании произведении Абая 2020 года сделаны текстологические сопоставления некоторых стихов на основе Шормановской рукописи (Т.1). Целенаправленные сравнения текстов способствовали бы конкретизации спорных слов, которые немало встречаются в абаевских изданиях. Во всяком случае, рукопись С. Шорманова – первая письменная запись стихов Абая, дошедшая до наших дней. Представляется целесообразным провести специальный текстовый анализ этой рукописи, считающейся подлинным значительным экземпляром произведений Абая, из рукописных собраний Мурсеита Бикиулы 1905 (1906), 1907, 1910 годов.

Благодарности: Статья R202 81009 подготовлена по теме «История абаеведения» в рамках фундаментального научно-исследовательского проекта «Актуальные проблемы современной литературы и искусствознания».

Ключевые слова: абаеведение, рукопись, текстология, текст, сопоставительный анализ, исходный статус.

K.K. Madibayeva¹, N.Zh. Magazbekov², D. Mulik³

^{1,2}M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

³Zhetysu university named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

E-mail: ¹kapi-51@mail.ru, ²nur_magazbekov@mail.ru, ³m.dauletkerey@bk.ru

ORCID: ¹0000-0002-2396-1467, ²0000-0003-2601-9714, ³0000-0002-8356-0614

Record of the literary heritage of Abai: the manuscript of Saduakas Shormanov

Abstract. One of the topical research areas of modern Abai studies is the study of manuscript sources. The study of manuscript sources has been and remains a topical issue of Abai studies. According to Mukhtar Auezov Abai's works, starting from 1896, were specially rewritten in the form of handwritten collections. Consequently, already in 1897, some poems were transferred to the Russian Geographical Society for the purpose of printing in special editions. It is still unknown what the manuscript of Saduakas Shormanov, one of the foremost people of his time, who was related to the land of Abai, has to do with this case. The handwritten collection of Saduakas Shormanov of 17 poems by Abay is copied and briefly described. In the full academic edition of Abai's work of 2020, textual comparisons of some verses are made on the basis of the Shorman manuscript (T.1). Purposeful comparisons of texts would contribute to the concretization of controversial words, which are often found in Abay's publications. In any case, S. Shormanov's manuscript is the first written record of Abai's poems that has come down to our days. It seems appropriate to conduct a special textual analysis of this manuscript, which is considered a genuine significant copy of the works of Abai, from the manuscript collections of Murseit Bikiuly in 1905 (1906), 1907, 1910.

Acknowledgements: Article R202 81009 was prepared on the topic «History of Abai studies» within the framework of the fundamental research project «Actual problems of modern literature and art history».

Keywords: Abai studies, manuscript, textology, text, comparative differentiation, original status.

1. Кіріспе

Абай Құнанбайұлының өз қолымен жазылған түпнұсқа шығарма мәтіндері мұраны ауызша сақтаудың кең таралған дәстүрлі негіздерінде қилы ырықтан тыс идеологиялық бақылау, басқа да себептерден сақталмағандықтан ақын мұрасын игеруде 1896 жылдан бастап арнайы көшірілген қолжазба нұсқалардың маңызы елеулі.

Абай шығармаларын қайталап хатқа түсіруде, жинап түгендеуде, мәтіндік нұсқада мейлінше толық қамтып сақтауда елеулі еңбек жасаған, сол замандарда

Абай өзі сеніп қолжазбаларының көшірмесін жасап отырды тапсырған Мүрсейіт Бікіұлының көзкөргендердің айтуынша, энциклопедиялық анықтамалықтардағы деректер бойынша 5 қолжазба көшірме дәптері болған. Абайтануда бұл жәдігерлерді Мұхтар Әуезовтің түпнұсқа мәнді қолжазбалар деп тану керектігі туралы туралы да тоқтамдары бар (Әуезов, 1967).

Мүрсейіт Бікіұлына қатысты бұл тоқтамдарын Мұхтар Әуезов абайтанудағы XX ғасырдың елуінші жылдарындағы талас-айтыстар тұсында басқаша қисындауға да мәжбүр болды (Әуезов, 1988).

Кейінгі кезеңдегі араб графикасында ескі жазуда (қадимше), жаңа жазуда (төте жазу) сақталған қолжазба нұсқа; 1909 жылғы, 1916, 1922 жылдардағы Абай өлеңдері жинақтарын қазіргі қаріпке (кирилл жазуы) мұқият қайта көшіріле бастауы мәтіндік нұсқалар, жекелеген текстологиялық мәселелер бойынша түпкілікті зерттеулер жүргізу бойынша мәтіннамалық тұрғыдан орнықты, әлдеқайда ықтимал нәтижелі жұмыстар жүргізуге мүмкіндік туғызып отыр.

Осы бағытта Абай өлеңдерін ақынның ілгеріден таныс, жақсы білетін, сыйласқан, сол уақыттағы көзі ашық, қолы ұзын ел азаматының бірі Сәдуақас Шормановтың 1897 жылы Орыс Географиялық қоғамына баспадан шығаруға әзірлеп өткізгендігін академик Әлкей Марқұлан алғаш жария еткен Абайдың 17 өлеңі жазылған қолжазбаның Абай мұрасын текстологиялық зерттеулерге тартуда ара-тұра аталғаны болмаса, арнайы қарастырылмағандығы Абай текстологиясындағы жеке сөз, ұғым атауларының жазылуы; тыныс белгілердің қойылуындағы тұрғысында күні бүгін күн тәртібінен түспеген мәтінтанымның өзекті ғылыми міндеттерінде осы бағытта да мақсатты салыстыру, саралау жүргізудің қажет болатындығын көрсетеді.

Сәдуақас Шорманов қолжазбасы Абай өлеңдерінің хатқа түсіріліп жеткен алғашқы мәтіндік нұсқалары болуымен маңызды. Бұл тұрғыда осы қолжазба абайтануда арнайы зерттеуден қағаберіс, қалыс қалып келді.

Мақаланы жазу барысында Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын алғаш рет баспаға әзірлеген, 17 өлеңнің ықтимал бастапқы нұсқасын сақтаған Сәдуақас Шорманұлының 1897 жылғы қолжазбасы нысанаға алынды (Абай, 2020: 19). Бұл қолжазбаның дәл сол 1897 жылы хатқа түскен В.А. Кудашев қолжазбасымен қатысы (Абай, 2020: 11) сол 1897 жылы Орыс География қоғамында мерзімді бір журналға шығару үшін әзірленген беймәлім қолжазба туралы кездесетін деректер жүйеленіп, өзара сәйкес сабақтастығы сараланып, анықталуы да мақсат етілді. Және де Сәдуақас Шорманов қолжазбасындағы 17 өлеңнің Абай мұрасы көшірілген Мүрсейіт, Шәкәрім, Тұрағұл, т.б. қолжазба нұсқаларындағы; Абай Құнанбайұлының 1909 жылдан бергі уақыттағы жеке толық жинақтарындағы мәтіндік негізді мүмкіндігінше толық салыстырып, ықтимал, түпнұсқаға жақын сөз нұсқасын тұрақтандыру бойынша жұмыста Сәдуақас Шорманов қолжазбасының басымдық мәртебесін айқындай түсу бойынша нақтылы текстологиялық ғылыми негіздеулер жасау көзделді.

Абайдың әр сөзінің уақыт көшінде дұрыс жазылу, дұрыс танып оқу, идеологияға бұру, кездейсоқ жаңсақтық, т.б. қилы ішкі, тысқы себептерден өзгеріске түсу; нақты бір сөздің мәнмәтіндік функциясының құбылмалылық еркіндігі Сәдуақас Шорманов қолжазбасы бойынша арнайы жұмыста да мұқият назарға алынуы тиіс.

Абай өлеңдерінің текстологиясы бағытында жүргізілген абайтанудағы арнайы мәтінтанымдық зерттеулер әдіснамасы; жеке ғалымдардың дерек, дәйектері, ғылыми өзекті ұстанымдары назарға алынып отыратын бұл мақалада бір қолжазба ауқымында іргелі зерттеулер әдістемесін пысықтап, жетілдіру жолдарын айқындау жұмысы зерделенеді.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада талдау жүргізу бойынша Сәдуақас Шормановтың 1897 жылғы қолжазба көшірмесінің, В.А. Кудашев қолжазбасы (1897), Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасының шығыстанушы маман Т. Қыдыр қазіргі қаріпке аударған нұсқасы, Абай Құнанбайұлы шығармаларының 1909, 1933, 1939-40, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995, 2020 жылғы толық академиялық жинақтары, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Абай ҒЗИ, Абай академиясы құрастырған көп томдықтар, абайтану бойынша ғылыми мақалалар негізге алынды. Осы бағытта мақалада жеке мәтіндік саралаулар жүргізу үшін тілдік-танымдық; мәдени-тарихи; әдеби герменевтикалық зерттеу әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Бұл мақалада Абайдың әдеби мұрасын текстологиялық тұрғыдан зерттеуді дамыта жетілдіру өзектілігі нақтылы мәтіндік нұсқа – көшірме қолжазбалар, жеке жинақтардағы қалпы бойынша арнайы зерделену арқылы көрініс табады. Абай Құнанбайұлы ғұмыр кешкен тарихи ортада сөз өнері негізінен ауызша тарау дәстүрінде сақталды. Абайдың өз шығармаларын арнайы көшіртіп, баспаға беруді ойластырған уақыты деректерде 1896 жылмен көрсетіледі. Ақын өлеңдерін арнайы көшіріп, жинақ етіп шығару мақсатында еңбек жасаған Сәдуақас Шормановтың 17 өлең қамтылған қолжазбасы осы мақалада арнайы сараланып, басқа да қолжазба; жеке жинақтардағы сәйкес мәтіндермен салыстырылып, текстологиялық зерттеу нысаны мәнінде кеңінен қарастырылды.

Сәдуақас Шормановтың қолжазбасындағы 17 өлеңнің барлығында дерлік басқа қолжазба, басылым нұсқалардағы сөз нұсқаларынан айрықшаланып тұрған айырмашылықтары аз емес. Салыстыру бойынша айқындалған сөз өзгерістер дерегінде абайтанудың текстологиялық зерттеулер тарихы, тәжірибесі ескеріле отырып пайымдаулар, болжамдар, қорытулар жасалып отырды. Ендігі кезекте Сәдуақас Шорманов нұсқасындағы Абай өлеңдерінің басқа қолжазба, жинақтармен салыстырғандағы айырмашылықтарының текстологиялық, ғылыми негіздерінде талқылаймыз.

Шығыстанушы, жазутанушы маман Т. Қыдыр Сәдуақас Шорманов қолжазбасын арнайы тұтас қазіргі жазуға түсіріп, қысқаша сипаттама жасады.

«Мәтіннің орналасуы: Көшірме кәсіби тұрғыда жасалған. Әр беттің соңында келесі бәйттің бастапқы сөзі жазылған. Дәстүрлі қолжазба дайындау қағидалары қатаң сақталған. Мәтіндердің орналасуы дәстүрлі манзумалар (диуан, баяз) үлгілеріне ұқсайды. Сондықтан да өлең жолдары бәйіт-бәйіт болып, мәснәуи қалыбымен өрілген (9 бәйіт, 18 жол). Ал кейбір өлеңдер бәйіттік үлгіде, ғазал формасымен жазылған (20 бәйіт, 40 жол). Хаттаптың жазу мәнері XVII-XIX ғғ. қолжазбаларға өте ұқсас» (Абай, 3-том, 2020: 20).

Абай өлеңдерін, қазақ ақындарының шығармаларын Сәдуақас Шорманов баспаға өткізу үшін әзірлеген.

«Садуақас Мұсаұлы Шорманов (1849-1927) – Абай шығармаларын баспадан бастырып шығармалардың бірі. С.-Петербургке қазақ әдебиетінің көптеген нұсқасын алып барған. Олардың ішінде Абай өлеңдері мен Машһүр-Жүсіп Көпеев жырлары да болған» (Абай энциклопедиясы, 1995: 501).

Абай энциклопедиясында берілген анықтама авторы М. Бейсенбаев С. Шорманов Абай шығармаларын баспадан шығарған дейді. Абайтануда Сәдуақас Шормановтың Абай өлеңін шығарғаны туралы нақтылы дерек айтылмайды. Бұл тұрғыда 1897 жылы шыққан, Абай өлеңдері берілген (Субханбердина, 1971: 36-44), бірде «Князь бенен Зағифа», бірде «Хикая Зағифа» аталып жүрген жинақ құрастыруына қатысты зерттеулер жоқтың қасы. Баянауыл жағының бір адамы деген ақпарат бойынша іздестіру қажет. Осы құрастырушы Сәдуақас Шорманов болуы да мүмкін.

Қолжазба жинақтың аннотациясы іспетті сөз басында құрастырушы осы жұмысты нендей себептен қолға алғанын ұғындырып өтеді.

«Мына пақырдан кейбір қазақ бауырларымыз өтініп айтты: «Қазақ тілінде болып айтылған мақал, бәйіттер, мәсрийә (жоқтау), атақты адамдар туралы (айтылғандары) жиып, жинақ жасасақ. Жарыққа шықса, біздің шығармаларымыз да зая кетпестен, майданға түссе, пайда болмаса, зияны болмас еді», – деген өтініштеріне орай бірнешеуін жиып, басқаларға басшы болсын деген үмітпен осы кітапшаға «Басшы» деп ат қойдым. Әмин. Әр бәйіттің соңына кімнің жазғаны белгілі болуы үшін айтушылардың аттарын да бір-екі әріппен ишара еттім. Садуақас Мұсаұлы Шорманов, 1897 ж.» (Абай, 3-том, 2020: 21).

Қолжазба жинақтың профессор П.И. Мелиоранскийге тапсырылғаннан кейінгі, баспа жүзін көруге оң пікір айтылғанымен, сол қалпынша жинақ болып шықпау себебі әлі де арнайы зерттеуді қажет етеді. Кейінде А.Н. Самойлович архивіне түскен бұл қолжазба жинақта Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Талай сөз мұнан бұрын көп айтқанмын», «Өлеңді мен айтпаймын ермек үшін», «Ұрлық, кулық, сұмдықпен мал табылмас», «Ішім өлген, сыртым сау», «Қажымас дос халықта жоқ», «Бойы бұлған», «Бүркітші күз болғанда шығады аңға», «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан», «Қараша, желді тоқсан сол бір-екі ай», «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» деген атаулармен 17 өлеңі берілген.

Осы 17 өлеңді Абай мұрасының 1907 жылғы Мүрсейіт көшірмесіндегі, 1909 жылғы тұңғыш жинағы мен кейінгі жылдардағы басылымдармен салыстырып қарағанда Сәдуақас Шорманов қолжазбасында бір өлең болып берілген жеке туындының кейінгі жинақтарда екі, немесе үш өлең есебінде бөлініп алынғандығы; енді бір өлеңдердің көлем айырмасы көрінді.

Осы айырмашылықтар мақалада нақтылы салыстырулар негізінде айқындалып көрсетілді.

С. Шорманов көшірме жинақта айтқанындай, шығармаларының баспадан шығуын қалаған адамның бірі Абайдың өзі болуы да әбден ықтимал.

Абайтанушы, белгілі текстолог Қайым Мұхамедханұлы Санкт-Петербургте 1909 жылы Абайдың тұңғыш жинаған баспадан шығарушы Исмаил Бороганский өміріне

қатысты зерттеулерінде түркі халықтары әдебиетін насихаттау мұратында жеке баспахана құрған бұл адамның «Тәржіман» газеті арқылы кітап шығарам деушілер үшін жарнама мәнді ақпарат бергенін, бұл хабарды Абайдың да оқу, білу, сол бойынша өз жинағын баспаға даярлау қамын жасағандығы туралы да айтқан (Мұхамедханұлы. 10 томдық шығармалары жинағы. 4-т, 2012: 140).

3. Талқылау

Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мәтіндік тұғырында ауызша тарау, ауызша сақталу басымдығында; қолжазба нұсқалардың ескі араб графикасында хатқа түсуінде, қайта көшіруде қадимше жазудың күрделігінде, жазу тәртібін сақтайтын сауатты көшіруші хаткердің тапшылығында; кейінде латынға ауысып, одан кирилл жазуына түсуінде; баспа барысындағы түзетулер жаңсақтығында; идеологиялық талапты түзетулер жасалуында; бір сөздің әр қолжазба, әр кітапта, тіптен бір адамның қолымен жазылған мәтіннің өзі қайта көшірілгенде қилы себептен кейде жымы білінбей кірігіп кететін бөтен сөзбен берілу сынды, т.б. елеулі өзгерістерге түсті.

Абайдың рухани мұрасын іргелі зерттеулерге алу үдерісінде текстологиялық мәселелердің зерттеу нәтижелері іргетас мәнді маңызды ие дер едік.

Әсіресе, Абайдың дүниетанымдық, дінтанымдық бағыттағы толғам, тоқтамдарын ұзақ жылдар бойы сөзтанымдық кедергілерде, жазуды дұрыс оқи алмау, бұрыс аудару келеңсіздіктерінде нақтылы сөздің, әсіресе, араб, парсыдан алынған діни-терминдік мәнін қате, шала ұғындық.

Сәдуақас Шорманов қолжазбасын арнайы мақсатты зерттеуге алу арқылы Абай мұрасының мәтіндік қоры болып табылатын әрбір дереккөзге – жеке қолжазба, жеке жинаққа дәл осы мәндегі зерттеулер қажеттілігін айқындауға ден қойдық.

Салыстыру. С. Шорманов қолжазбасы мен М. Бікіұлының 1907 жылғы көшірме қолжазбасы, 1909 жылғы тұңғыш жинағы негізінде.

1. Өлең атауы	Қолжазба	Жинақ дерегі
1	2	3
1897	1907	1909 Ескерту: Бұл жинақта өлең шумаққа бөлінбеген
1 өлең – «Сұхбат»	«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»	«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»
2. Сөзде, орын тәртібінде айырма бар тармақтар		
1-ш. 2-т. Нәрсе ғой екі түрлі сыр мен сымбат	Нәрсе ғой екі түрлі сыр мен сымбат	Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат
1-ш. 4-т. Дос табылса жарайды, қылса сұхбат	Ер табылса жарайды, қылса сұхбат	Ер табылса жарайды, қылса сұхбат
2-ш. 3-т. Сөз мәнісін білетін кей адам бар,	Сөз мәнісін білерлік біреулер бар,	Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
2-ш. 4-т. Абайлар әрбір сөзін өз халынша	Абайлар әрбір сөзді өз халынша.	Абайла, әрбір сөзді өз халынша,

3-ш. 2-т. Бір сөзімен өлсе екен, жанса- күйсе.	Бір сөзімен тұрса екен, жанса- күйсе	Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
3-ш. 4-т. Оңғақ болса былғайды, бір дым тисе.	Оңғақ пұлдай былғайды, бір дым тисе.	Оңғақ болса былғайды, бір дым тисе,
4-шумақ көп нүктемен берілген.	Керек іс бозбалаға – талаптылық, Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп, Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.	Керек іс бозбалаға – талаптылық, Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық Кейбір жігіт жүреді мақтан күліп, Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.
5-ш. 2-т. Біріңдікің жетпесе , бірің жеткізі!	Жетпесе, біріңдікің бірің жеткізі!	Жетпесе, біріңдікің бірің жеткізі!
5-ш. 3-т. Тату бол күншілдіксіз шын көңілмен.	Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,	Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен
8-ш. 3-т. Біріңді біреуің құрмет әйле ,	Біріңді бірің ғиззәт құрмет етіс	Біріңді бірің ғиззәт құрмет қылыс,
1	2	3
6-ш. 4-т. Бейне қорқып тұрғандай, денен шошып.	Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.	Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.
7-ш. 1-т. Жолдастық, сұхбаттастық – бір қызық іс.	Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,	Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
7-ш. 2-т. Жетесіз оның қадірін адам білмес	Оның қадірін жетесіз адам білмес.	Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Әрі қарайғы 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 71-ші шумақтар көп нүктемен келген.	мәтіні бар	мәтіні бар
Талай сөз мұнан бұрын көп айтқанмын	осы қалыпта	осы қалыпта
1-ш. 3-т. Ақылдылар арланып ойланыс соң.	Ақылдылар арланып ұялаған соң	Ақылдылар арланып ұялаған соң,
3-ш. 1-т. Шыртимай , шалқақтамай сөзге түсін,	Жұртым-ай , шалқақтамай сөзге түсін	Жұртым-ай , шалқақтамай сөзге түсін,
3-ш. 2-т. Сыртғын қойып, өлеңнің байқашы ішін,	Ойланшы , сыртғын қойып, сөздің ішін	Ойланшы, сөздің қойып, сөздің ішін.

3-ш. 3-т. Біржаң қақпай тыңдасаң нең кетеді.	Біржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,	Біржаңдамай тыңдасаң нең кетеді
4-ш. 1-т. Адасып алаңдама, сөз таба алмай,	Адасып алаңдама, жол таба алмай,	Адасып алаңдама, жол таба алмай,
4-ш. 2-т. Бері кел , түзу шығасың, қамалмай.	Берірек түзу жолға шық, қамалмай.	Берірек түзу жолға шық, қамалмай.
4-ш. 3-т. Не ғылым жоқ, немесе білім де жоқ,	Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,	Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
4-ш. 4-т. Кеттің ғой еш болмаса мал баға алмай.	Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.	Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

Сәдуақас Шорманов қолжазбасында үшінші тұрған өлең «Кәсіп» деп аталған. Бұл 1907 жылғы қолжазба мен 1909 жылғы жинақта бұлай аталмайды.

1907 жылғы қолжазба мен 1909 жылғы жинақта бұл өлеңнің С. Шорманов қолжазбасындағы мәтіні елеулі өзгерісі бар нұсқада «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» атауымен берілген. 1897 жылғы С. Шорманов қолжазбасында 4 тармақ болып келген 10 шумақ өлең 1907 жылғы қолжазбада әр шумақтың бірінші тармағы ілгері озып, аралары бөлінбеген тұтастықта келген. 1909 жылғы кітапта шумаққа бөлінбеген 40 тармақ болып тұр.

1897 жылғы С. Шорманов қолжазбасымен негізінен бірдей келген 1907 жылғы қолжазба, 1909 жылғы жинақ мәтіндерінде елеулі құрылымдық айырма бар.

«Кәсіп» атауымен берілген 1897 жылғы қолжазбадағы 1-шумақ (4 тармақ) 1907 жылғы нұсқасында 7 шумақ, 1909 жылғы жинақта 25-28 тармақтар болып тұр.

1897 жылғы қолжазбадағы 2-шумақ 1907 жылғы көшірмеде 6-шумақ, 1909 жылғы кітапта 21-тармақ. Әрі қарай да құрылымдық реттегі шумақ, тармақ мәтіндерінің 1897 жылғы жинақтағы рет тәртібі аталған 1907, 1909 жылғы ретінен басқаша болып келіп отырған.

Жеке сөздің жазылуында да айқын айырмалар кездеседі. Мәселен, жеке тармақтар: 1897 жылғы нұсқада «Ұрлық, сұмдық, қулықпен мал табылмас» (1-ш. 1-т.).

1907 – «Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас» (7-ш. 1-т.).

1909 – осылай (25-т.).

1897 – «Зиян шекпей қалмасың ондай істен» (1-ш. 3-т.).

1907 – «Зиян шекпей қалмайсың ондай істен» (7-ш. 3-т.).

1909 – осылай (27-т.).

1897 жылғы қолжазбада 1907, 1909 жылдарда өлең атауы болып келген «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей?» 7-шумақтың 1-тармағында тұр.

1907, 1909 жылдардағы нұсқаларында негізінен бір қалыпта берілген бұл өлеңнің 1897 жылғы жазылуы, салыстыруда анықталған жеке сөздердің кейінгі жазылуында өзгеріп отыруында Сәдуақас Шорманов нұсқасы қисынды көрінді.

«Кәсіп» атауымен берілген өлеңде жүйелі сабақтастықта айтылған негізгі ой, мінеу мен сынның қисындылығы басым көрінеді, Әрине, негізгі мазмұн үш нұсқада да

сақталған. Қандай ретпен келгенде де айтар ойдың ұтымдылығы сақталған. Алайда, Сәдуақас Шорманов нұсқасы Абайдың көзі тіріде хатқа түскендігін, тіпті өз қолымен жазылған нұсқадан көшірілу ықтималдығын болжап, ескергенде Сәдуақас Шорманов нұсқасындағы мәтін түпнұсқалық құқыққа әлдеқайда қақылы деуімізге болады.

Осы ой Сәдуақас Шорманов қолжазбасындағы өлең мәтіндерінің қай-қайсысына қатысты. Абай өлеңдерінің текстологиялық мәселелерінде жинақтарда «Қансонарда бүркітші шығады аңға» болып, 1-тармақ өлең атауын көрсетіп тұратын, Сәдуақас Шормановта «Бүркітші» болып жазылған өлең ұдайы назарда болып отырады. Шығармадағы жеке сөздердің жазылуына, сөз тіркестеріне қатысты бір ұйғарымға келуі қиын түйткілдер әлі де сақталуда.

«Абай автографтарының жоқтығы салдарынан шығарманың қалпы өзгеріп кетуге мүмкіншілік бола берген, сондықтан мұндайда түпнұсқа мен соңғы нұсқаның арасында байқалған өзгерістерді мұқият зерттеп, сарапқа салып ақын сөздерінің өзгеріп кетпеу ісіне назар аудармай болмайды. «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» алғаш рет 1897 жылы Санкт-Петербургте «Хикая Зағифа» деген кітапша бетінде шықты» (Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. 1983: 208).

Абай сөздерінің түпнұсқалығын салыстыра зерттеулерде нақтылау жайы қозғалған бұл мақалада «Қансонарда шығады бүркітші аңға» өлеңінің мәтіндік құбылулары да арнайы қарастырылады.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» әр жылғы басылымдағы сөздерінің қалай орналасуы керек екені туралы ортақ шешімге келген жөн, өйткені кей жолдар сөзі әр басылымдарда әр түрлі.

1897 жылғы басылымда:

Көріп тұра қалады сонда түлкі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Керіліп көпке қарай секіреді
Аспаннан қыран қымдап құйылғанда,

1905 жылғы қолжазбада, 1909, 1957 жылғы басылымда:

Көре тұра қалады қашқан түлкі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға» (Қазақ фольклорымен, 1983: 210).

Осы *көріп*, *көре* сөздері енді бір нұсқада, болжамдарда кері, кере болып та жазылған (Мұхамедханұлы, 1959:).

Өлең әр жылдарда текстологиялық тұрғыдан қарастырылғанда Сәдуақас Шорманов қолжазбасымен салыстыру жасалған жоқ. Сәдуақас Шормановта «Бүркітші» аталған өлеңде «қансонарда» сөзі жоқ. «Бүркітші күз болғанда шығады аңға» деп басталған. 1897 жылы бұл өлең 38 тармақ болып жазылған.

1907 жылғы Мүрсейіт Бікіұлының қолжазба көшірмесінде – 58 тармақ.

1909 жылғы тұңғыш жинақта – 58 тармақ.

Өлеңдегі 2-тармақ 1897 жылы – «Таудан түлкі **табылар** аулағанға».

1907 – «Тастан түлкі **жолығар** аңдығанға».

1909 – «Тастан түлкі **табылар** аңдығанға».

3-тармақ 1897 жылы – «Ыңғайлы ат, ықшам киім, ит пен жігіт»,».

1907, 1909 – «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет»,».

4-тармақ 1897 – «Осындай болу керек аңшы адамға».

1907 – «Ықшам киім ыңғайлы аңшы адамға».

1909 – «Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға».

Әрі қарай өлең 1897 жылғы С. Шорманов қолжазба жинағында мазмұндық желісі бір болғанымен, айтылу, баяндалуында 1907, 1909 жылғы жазылған мәтіндік нұсқалардан мүлде бөлек деуге болады. Бұл тұрғыда арнайы текстологиялық 1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы жинақта бір ғана сөз айырмашылығымен, негізінен бірдей келетін «Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу келіп (болып), / Бейне ұқсар тар төсекте жолғасқанға» тармақтары С. Шормановта «Байы жаман, қатыны сұлу болып, / Ұқсайды ол екеуі қосылғанда» деп берілген (Шорманов, 1897: 9).

«Қансонарда» өлеңіндегі 1907, 1909 жылғы, кейінгі Абай жинақтарындағы аса образды, айшықты, контрасты оралымдар бұл нұсқада мәтіндік көп түйткілсіз, ықшам, жинақы берілген.

1897 жылғы С. Шормановтың қолжазба жинағында Абайдың «Күз» өлеңі «Жыл фасылы» атауымен берілген. 1897 жылғы қолжазбада 1-ш. 4-т. – «Ат ойнап, құлын қашқан, тай жарысқан». 1907, 1909 – «Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан». Бұл тармақ 1897 жылғы нұсқасында жатық көрінеді. «Бие қашқан» тіркесінде екі мағына бар. Көрініс туғыза баяндалған өлеңде биенің жай-жапсары емес, құлынның ойнақтап қашқаны көзге «көрініп» тұр.

2-ш. 2-т. 1897 жылы – «Жастар ойнап жүгірмес бала шулай».

1907, 1909 – «Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай».

«Жастар күлмес» деу қисынға келмей тұр (1907, 1909).

Бұл өлең бойынша мәтіндік салыстырулар да бірнеше айырма барын көрсетті.

С. Шорманов қолжазбасындағы 17 өлеңнің мәтіндік нұсқаларын 1907, 1909 жылғы нұсқалармен арнайы салыстыру жасалды. Абай шығармаларының толық академиялық басылымында «Жазғытұры» өлеңін жол-ма жол салыстыру бойынша нақтылы сөз өзгерістерге мән беруде С. Шорманов қолжазбасы алғаш рет мәтінтанымдық айналымға түскен еді (Абай, 1-т., 2020).

4. Зерттеу нәтижесі

Сәдуақас Шорманов қолжазбасын текстологиялық тұрғыдан арнайы қарастыру Абай мұрасының барша мәтінтанымдық тұғыр, өзекті текстологиялық зерттеу бағыттарымен сабақтастықта. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің текстологиялық түйткілдерінің басым көпшілігі қазақ жазуының айналасы 30 жылдай уақыт ішінде 3-4 қайтара қаріп ауыстыруынан туындады.

Ұзақ жылдар бойы ескі жазуды дұрыс аударып оқудың, жаңа қаріпке түсірудің машақаты сақталып келеді.

Келесі текстологиялық келеңсіздік кеңестік кезең идеологиясының талаптарында туындаған «жағымсыз» сөзді қысқарту, бұзып, басқа сөзбен мақсатты түрде алмастырудан өрістеді. Сонымен қатар техникалық жаңсақтық, баспагердің сөз түзеу «еркіндігі» де текстологиядағы өзіндік факторлар. Оның барлығы мәтінде айтылатын ойды, көтерілген мәселенің түйінін басқа арнаға бұруға әсер етуі мүмкін. Соның нәтижесінде сөз мағынасы, оның оқырманға дұрыс жету мәселесі қиындай түседі (Seisenbiyeva, Begmanova, Aitova, Tulebayeva, Madibayeva, 2022)

Сәдуақас Шорманов қолжазбасын арнайы зерттеу осы мәселелердің тұрақты текстологиялық бұзылулар себепшісі екендігін айқындай түсті. Сонымен бірге ілгеріде кең қамтылып, пайымдалу тұрғысында асығыс, үстірт, тіптен қараусыз қалған жеке сөз қолданыс фактілерінің өзгеру факторлары айқындала түсті.

Абайдың бір сөзі, бір өлеңі тұрғысында жазылған арнайы мақалалар тәжірибесінде Сәдуақас Шорманов қолжазбасы құрастырушының ғұмырбаяндық деректері, қолжазбаның жиналу, сақталу барысы бағытында тың пайымдау, жаңа мағлұматтар жүйесінде нақтылана түсті.

Сәдуақас Шорманов қолжазбасы бойынша жұмыс жүргізу Абай текстологиясын әр сөзге бірнеше ұстанымда тоқталу мүмкіндігінде жаңа пайымдаулармен толыға түседі.

Хакім Абайдың астарлы ұғымдары, айналымға тартқан он-сан жаңа сөз, сөз тіркестері, тұтас образды поэтикалық жүйесі мәтіндік тұғырға әрдайым басымдық береді.

Түпнұсқа мәртебесіндегі сөз ғана – шын. Сол сөздің ғана бойы озық. Анық Абай сөзі. Осы бағытта Абайдың замандас адамы, жақын араласқан жандарының бірі болған, әрі өз уақытың озық, сауатты тұлғасының бірі – Сәдуақас Шормановтың қолжазбасына айрықша ден қойылуы жөн.

5. Қорытынды

Бұл мақалада Абайдың әдеби мұрасын арнайы көшіріп хатқа түсіру тарихында алғаш 17 өлеңді баспаға әзірлеп, Орыс Географиялық қоғамына өткізген Сәдуақас Шормановтың Ресейде, Санкт-Петербургтегі Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада сақталып тұрған 1897 жылғы қолжазбасының Абай шығармалары текстологиясын зерттеудегі өзіндік мәні абайтанудың өзекті мәтінтанымдық бағыттарында қарастырылды.

Сәдуақас Шорманов қолжазбасындағы 17 өлең Абайдың әдеби мұрасын хатқа түсіру мен баспа бетіне шығару тәжірибесі ауқымында жүргізілген салыстыруларда мәтіндік түпнұсқалық мәртебе мәнінде сараланып, сәйкес байламдар, ықтимал болжамдар жасалды.

Мақала бойынша жұмыс барысында жеке сөз қолданыстардың бірнеше қолжазба, Абай шығармаларының толық жинақтарындағы жазылу нұсқасындағы нақтылы бір өлең туындысының көлем, құрылым, тыныс белгі бойынша айырмашылықтары анықталып көрсетілді. Абай мұрасының текстологиялық тұрғыдан зерттелу тарихы

бойынша басым нәтижелерін Сәдуақас Шорманов қолжазбасындағы мәтіндік мәселелермен сабақтастықта қорытып пысықтауға қол жеткізілді.

Абайдың шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеу абайтану тарихында іргелі ғылыми бағыт болып қалыптасқанымен, қазақ жазуының бірнеше қайтара алмасуында мәтіндік өзгерістер біртіндеп орнығып, бір сөздің қолжазба мұрада, жеке жинақтарда әрбасқа жазылуы қазіргі уақытта да жалғасын табуда. Осы тұрғыда әрбір жеке көшірме қолжазба, әрбір толық жинақ мәтінтанымдық зерттеулер жүргізуде өзіндік мәнге ие. «Авторлық мәтінді анықтауда ең бірінші хронологиялық тұрғыдан, екін-ші ақындардың сөз қолданысындағы стийдік ерекшелкітер және шығармаларындағы сөз болатын кейіпкерлерді өмір сүрген өңіріне, тарихына қарай текстологиялық талдаудың нәтижесінде анықтауға болады» (Елесбай, 2022: 214). Сәдуақас Шорманов қолжазбасы Абай мұрасының текстологиялық, мәтіндік базасын қалыптастыруда бастапқы хатқа түскен қолжазба есебінде назарға алынуы керек.

Жүргізілген салыстыру, саралау, текстологиялық мәселелер типологиясы негізінде Абай мұрасына қатысты дереккөздердің ішінде Сәдуақас Шормановтың 17 өлеңнен тұратын көшірме қолжазбасын Абай текстологиясын зерттеу өзектілігінде арнайы саралаудың ұтымды жолдарының бірі екендігіне көз жеткіздік. Абайдың әр сөзін, әрбір сөз оралымын, әрбір өлеңнің тілдік құрылымын тарихи түпдерек, ұғымдық-танымдық, саяси-әлеуметтік; орфографиялық-пунктуациялық негізде айқындау бойынша текстология ғылымының отандық, әлемдік тәжірибесінде, теориялық тұғырларында жүргізілетін мақсатты зерттеулер Абай мұрасын түпнұсқалық қалпында, тұтас рухани құнар-құндылығында қорғап, дәйектеуде маңызды.

Әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. Т.1. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 604 б.
2. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 3-том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 488 б.
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
4. Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар / Мұхтар Омарханұлы Әуезов; Қаз. ССР ҒА, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1988. – 367 б.
5. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 391 б.
6. Елесбай Н. Шернияз Жарылғасұлы шығармаларының текстологиясы: Шернияз Жарылғасұлы. «Керуен» ғылыми журналы, 74 (1), 2022. Б. 207–217. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-16>
7. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. – Алматы: Ғылым, 1983. – 264 б.
8. Мұхамедханұлы Қ. 10 томдық шығармалар жинағы. 4 т. – Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2012. – 403 б. (?).
9. Мұхамедханұлы Қ. Абай шығармаларының текстологиясы. – Алматы: Ғылым, 1959. – 287 б.
10. Субханбердина Ү. Абайдың өзі тірі кезінде басылған екі өлеңінің текстологиясы // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылым. сериясы. 1976. №3. 36-44 бб.
11. Seisenbiyeva, E, Begmanova, B., Aitova, Z., Tulebayeva, K., Madibayeva, K. (2022) The basics of determining the speech of national traditions in literature /Les bases de la determination du discours des traditions nationales dans la litterature. XLinguaethis link is disabled, 15(4), pp. 28–37 DOI: 10.18355/ XL.2022.15.04.03

References:

1. Abai. (2020). Shygharmalarynyng akademialyq tolyq zhinaghy. [Academic complete collection of works] Three volumes. V.1. – Almaty: «Zhazyshy». – 604 p. (in Kaz).
2. Abai. (2009). Shygharmalarynyng akademialyq tolyq zhinaghy. [Academic complete collection of works] Three volumes. V.3. – Almaty: «Zhazyshy». – 488 p. (in Kaz).
3. Abai. (1995). Encyclopedia. – Almaty: The main editorial office of the Kazakh encyclopedia «Atamura». – 720 P. (in Kaz).
4. Auezov M. (1988). Unpublished materials from Abay studies.– Almaty: Gylym. – 367 p. (in Kaz)
5. Auezov M. (1967). Abai Kunanbaev. Articles and research.– Almaty: Gylym. – 391 p. (in Kaz)
6. Mukhamedkhanuly Q. (2012). Collection of works in 10 volumes.V. 4 – Almaty: «El-shezhire». – 403 p. (in Kaz).
7. Mukhamedkhanuly Q. (1959). Textology of Abai's works. – Almaty: Science. – 287 p.
8. Seisenbiyeva, e, Begmanova, B., Aitova, Z., tulebayeva, K., Madibayeva, K. (2022) the basics of determining the speech of national traditions in literature /Les bases de la determination du discours des traditions nationales dans la litterature. XLinguaethis link is disabled, 15(4), pp. 28–37 DOI: 10.18355/XL.2022.15.04.03 (in Eng)
9. Subkhanberdina U. (1976). Textology of two poems published while Abai alive // Messages of the Kazakh SSR AS. Social science series, №3. pp. 36-44 (in Kaz).
10. Textological study of works of Kazakh folklore and literature – Almaty: Science, 1983. – 264 p. (in Kaz)
11. Yelesbay, N. (2022). Textual criticism of works by Sherniyaz Zharylgasuly: Sherniyaz Zharylgasuly. The Scientific Journal «Keruen», 74 (1), 207–217. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-16> (in Kaz).